

Мәслихаттың 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 198 "Қарасу ауданы Қойбағар ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2023 жылғы 25 мамырдағы № 34 шешімі

Қарасу аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қарасу ауданы Қойбағар ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы" 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 198 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қойбағар ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер –143 178,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 8 223,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 457,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0,0 теңге;

трансферттер түсімі бойынша –134 498,1 мың теңге;

2) шығындар –145 154,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1976,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 976,6 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарасу аудандық мәслихатының төрағасы

С. Қажиев

Мәслихаттың

2023 жылғы 25 мамырдағы

№ 34 шешіміне

1-қосымша

Мәслихаттың

2022 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 198 шешіміне

Қойбағар ауылдық округінің 2023 жылға арналған бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Атауы		
			I. Кірістер	143178,1	
1			Салықтық түсімдер	8223,0	
	01		Табыс салығы	2100,0	
		2	Жеке табыс салығы	2100,0	
	04		Меншікке салынатын салықтар	5698,0	
		1	Мүлікке салынатын салықтар	164,0	
		3	Жер салығы	487,0	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3923,0	
		5	Бірінғай жер салығы	1124,0	
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	425,0	
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	425,0	
2			Салықтық емес түсімдер	457,0	
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	294,0	
	04		Мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар санкциялар, өндіріп алулар	163,0	
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0	
4			Трансферттердің түсімдері	134498,1	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	134498,1	
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	134498,1	
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
			Атауы		
			II. Шығындар		
				145154,7	

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	47635,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	47635,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	47635,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	40301,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7334,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	18826,7
	3			Елді мекендерді көркейту	18826,7
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18826,7
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	16717,1
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2109,6

13				Басқалар	78693,0
	9			Басқалар	78693,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	78693,0
			057	"Ауыл-Ел бесігі" ж о б а с ы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	78693,0
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
				IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет тапшылығы (-1976,6 профициті)	
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (1976,6 профицитін пайдалану)	
				Бюджет қаражаты қалдығының қозғалысы	1976,6
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1976,6
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	1976,6
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1976,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК